

Арал ауданы Қосаман ауылдық округі Ақеспе ауылының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Бірлескен Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № 188-қ қаулысы және Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2017 жылғы 8 қарашадағы № 104 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 қарашада № 6047 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Арал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес Арал ауданы Қосаман ауылдық округі Ақеспе ауылының шекарасы (шегі) Арал ауданының әкімшілік аумағы жерлерінен жалпы алаңы 594 гектар жерлерді қосу арқылы жалпы алаңы 614 гектар болып өзгертілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Арал ауданының әкімі</i>	<i>М. Оразбаев</i>
<i>Арал аудандық мәслихатының кезекті 18-сессиясының төрағасы</i>	<i>Т.Бисембаев</i>
<i>Арал аудандық мәслихатының хатшысы</i>	<i>Д. Мадиев</i>

Арал аудандық әкімдігінің 2017 жылғы "8" қарашадағы №188-қ қаулысына Арал аудандық мәслихатының 2017 жылғы "8" қарашадағы №104 шешіміне қосымша

Арал ауданы Қосаман ауылдық округі, Ақеспе ауылының шекарасына (шегіне) Арал ауданының әкімшілік аумағы жерлерінен қосылатын жерлердің экспликациясы

№	Жерлердің атауы	Жалпы көлемі, гектар	оның ішінде:								
			Ауыл шаруашылығы алқаптар		Жолдар мен соқпақтар	Құрылыстар астында	Бүлінген жерлер	Басқа жерлер			
1	2	3	барлығы	оның ішінде жайылымдар					4	5	6
1.	Ақеспе ауылына бекітілген жерлер (1992ж.)	3850	3809	3809	10	-	-	31			

2.	Ақеспе ауылының нақты шегі(1992ж.)	20	-	-	-	-	-	-
3.	Ақеспе ауылының бекітілуге ұсынылған шегі	614	596	596	3	4	-	11

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ